

«Кәкен Аханов атындагы орта мектебі» КММ

Мұхитова Дәрия



Жетекшісі: Нурғалиева Нургуль Ермуратовна



Жұмыстың тақырыбы:

Жылқы – малдың патшасы

ОрынОо

Жоспар

- I Кіріспе бөлім
- А) Жылқының қазақ халқы үшін жылқының маңыздылығы
- II Негізгі бөлім
- А) Жылқы еті мен сүтінің пайдасы
- Ә) Атпен емдеу «иппотерапия» жайлы бірер сөз
- Б) Жылқы тұқымдары
- III Қорытынды бөлім

Жұмыстың тақырыбы: Жылқы – малдың патшасы

- **Зерттеудің мақсаты:**
- **А) «Жеті қазынаның бірі жылқының» ерекше қасиеттерімен таныстыру, жылқы туралы түсінік кеңейту, жылқы асыл мал екені жайлы, жылқының түрлері мәлімет жинау.**
- **Зерттеудің міндеттері:**
- **А) Жылқы малының қазақ үшін алатын орнын, жылқы түрлерін, оның ішінде қазақ жылқыларының түрлері жайлы жиналған мағлұматтармен бөлісу.**
- **Ә) Жылқы еті мен сүтінің адам денсаулығына пайдалы жақтарын айту.**
- **Б) Атпен емдеу (иппотерапия) жайлы насихаттау.**
- **Жұмыстың өзектілігі:**
- **Төрт түліктің ішінде қазақ үшін жылқының алар орнының бөлек екенін түрлі деректер келтіре отырып суреттер арқылы дәлелдеу.**
- **А) Жылқының түрлері мен әр жастағы атауы жайлы мәліметтер жинақталды**
- **Ә) Жылқы малына қатысты түрлі мақал- мәтелдер, ырым-тыйымдар зерделенді.**

Кіріспе бөлім

- Қазақ - ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық. Ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі бар олар мал өрісін, тіршілік табиғатын, қадір - қасиетін әбден танып, білген. Тіпті малдың айрықша қасиетін, ерекшелігін танитын сыншылар да шыққан. Сөйтіп халқымыз өзінің тіршілігін, шаруашылығын осы мал өсірумен байланыстыра жасаған. Оның өнімдерін тіршілік құралы етіп, пайдалануды шебер игерген. «Төрт құбылада - төрт түлік» деп бекерге бағаламаған.
- Қазақ халқы үшін төрт түліктің осалы жоқ. Дегенмен жылқының адам үшін атқаратын қызметі өте жоғары бағаланатын болған. Мереке-қуанышта, қайғы-қасіретте, басқа түскен не ауыр күндерде бұл түлік адамның жан серігі, айырылмас досы болған.
- Мен жылқыны жақсы көремін. Жылқы жайлы көп білгім келді. Сондықтан да зерттеу жұмысымды жылқы малына арнадым.

- Солардың бір мысалы ретінде мына өлеңдерді айтуға болады.
- Жылқы деген бір мал бар,
- Ер жігіттің қанаты.
- Ту көтерер тұлпар бар,
- Батырлардың санаты,- дегендей бұрынғы кездегі қай батырдың болмасын сенімді серігі ретінді астына мінген аттары қоса баяндалады. Қобыланды батырдың Тайбурылы, Алпамыс батырдың Шұбар деген аты болған. Бұл аттар жәй аттар емес, жүйрік, сұлу, әрі батырдың ең жақын досы бола білген.

Жылқының түрлері

- Жылқы төрт-түліктің бірі. Жылқы иесі Қамбар ата.
- Қазақ халқы жылқыны 3 топқа бөлген. Қазақтар бәйгеге қосатын жүйрік жылқыларды **тұлпар**, **арғымақ**, **сәйгүлік** деп әлпештеп ерекше күтімге алған. Ал ауыр жүк артуға, алыс жолға төзімді жылқыны **қазанат** деп атап, оны да ерекше бағалаған. Ал еті мен сүті үшін өсіретін жылқылар **жабы** деп атаған. Жылқы туралы аңыз әңгімелер, шығармалар, өлең-жырлар, ертегілер өте көп.



Жылқы қасиетті жануар. Ол қырық ауруға ем. Сондай-ақ жылқылар бізді қауіптерден қорғайды.

Бұрындары ата-бабамыз жылан жоламасын деп қастарына жылқы байлап жатқан.

Сонымен бірге ат үстінде көп жүрген адам буын ауруына шалдықпайды екен.

Ғылыми тілде «иппотерапия» деп аталатын атпен серуендеу арқылы жасалатын емнің түрі бар.

Бұл емдеу арқылы бүгінде талай адам дертіне дауа табуда.

ҚЫМЫЗ

- Қазақ халқы жылқыны жеті қазынананың бірі санап, оны киелі деп есептеп жыл қайыруда жетінші орын берген. Еті - жесең тамақ Сүті – ішсең сусын. Жүні - кисең киім. Терісі - байлық. Сүйегі, мүйізі - тұтынсаң бұйым. Мінсең - көлік. Өсіруге қолайлы.
- Міне, осы жайларды оқып үйрене мен әсіресе жылқы малына қатысты көптеген қызықты деректерді жинақтадым. Соның ішінде жылқы сүті, яғни, қымыздың пайдасы туралы айтсақ.



Қымыздың пайдасы

- Қымыз - қазақтың көнеден келе жатқан шипалы сусын. Бие сүтінен жасалатын бұл сусын көшпелі халықтардың ежелден келе жатқан дәстүрлі тағамы, қадірлі асы. Орыс ғылымдары Г. Захарин мен С. Боткин тәптіштеп зерттей келе «Қымыз - адам денсаулығын күшейтіп ауруды бәсендететін тағам» деген қорытынды жасаған болатын. Қымыздың құрамында аурудың тәбетін ашатын В2, В12, Р, С витаминдері көп. Науқастанған адамға қымыз ішкізсе, оның организмінде гемоглобин, эритроцит көбейіп, холестерин құрамы қалпына келеді.



Жылқының жасы

- Жылқы жасы
- 1. Құлын - жылқы төлі
- 2. Жабағы - 1 жылға дейінгі төл
- 3. Тай - 2 жастағы жылқы
- 4. Құнан - 3 жастағы жылқы.
- 5. Байтал - 4жастағы ұрғашысы
- 6. Дөнен - 4 жастағы еркегі
- 7. Бесті - 5 жасар еркек жылқы. Ат - кестірілген, мініс ат
- 8. Айғыр - аталық жылқы. Сәурік - жас айғыр.
- 9. Бие - аналық жылқы. а) мама бие - көп құлындаған жуас бие ә) құлық - алғаш құлындаған бие



Жылқының тұқымдары

*Қазірде әлемде екі жүз елуге жуық жылқы тұқымы бар. Соның ішінде тоқталып өтуге тұрарлық тұқымдар. **Қазақ тұқымы.** Жазиралы даланың бойындағы қазақ жылқылары аласа болып жайлып жүргенмен, шабыс жағынан келгенде ешкімнен кем түспейтін. Олар күніне үзіліссіз 70 шақырымды емін-еркін еңсеріп отырады. **Ахалтеке тұқымы.** Ахалтеке түркімен халқының қазынасына жатады. Тіпті, ең ежелгі жылқы тұқымдастараның санатында. Ахалтеке жылқылары шатшандық жағынан дес бермейді*



Қазақ тұқымы.



Ахалтеке тұқымы.

Жылқыға байланысты мақал-мәтелдер

- *«Ер қанаты- ат;*
- *Атың барда ел таны желіп жүріп;*
- *Жылқының үсті – жел, сүті – ем;*
- *Атты тағаласаң есек аяғын көтереді;*
- *Тигізбейді қазанат қамшы, азамат жоғын білгізбейді;*
- *Ат айналып қазығын табар; Ат тұяғын тай басар; Ат аунаған жерде түк қалар... т.б.*
- *Ат ән мен күйге арқау болды.*
- *«Маңмаңкер», «Ақ бақай», «Сал торы», «Қара жорға» сынды әндер, «Құлжагер», «Тел қоңыр», «Қос күрең», «Көк дөнен» сияқты күйлер өмірге келді.*
- *Халқымыздың жылқы малына деген сүйіспеншілігі еш төмендеген емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, дамып, жетіліп, кемелденіп отырды*



Мен серуендеп жүргенде



Қорытынды

- Көшіп-қонуға ыңғайлы, мініске төзімді, өз аяғынан жайылатын, күтімді көп тілемейтін, егесін жыланның уынан да қорғай білетін қасиетке ие, еті дәмді, сүті шипалы қазақ төрт түліктің ішінде бірінші байлыққа санаған жылқы малын патша демей не дәрсің



